



ТҰРПАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№79
(2250)
Сәрсенбі
18 қыркүйек
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ «АҚЖОНА» МЕН «АЛҒА» АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНДЕ БОЛДЫ



Бірнеше күннен бері ауылдарға ат басын бұрып, тұрғындармен кездесіп жүрген аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет осы сапарында «Ақжона» мен «Алға» ауылдық округтеріне табан тіреді.

Қазалы ауданында жыл басынан бері атқарылған жүйелі жұмыстар аз емес. «Ақжона» ауылының халқымен кездескен тұста да бұл жайында баяндап берген аудан басшысы,

алдағы жоспарларды да тілге тиек етті.

Шешімін тауып келе жатқан мәселелерге р и з а ш ы л ы қ т а р ы н білдірген тұрғындар ұсыныс-пікірлерін де бүгіп қалмады. Жайылымдық жер, аяқсу, жол жайы сөз етілді.

Жұртшылық тарапынан айтылған ұсыныстардың орынды екенін айтқан аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет сауалдарына орай

бірқатар сала басшыларына тиісті тапсырмалар берді.

Кеңес Одағының Батыры Үрмәш Түктібаев атындағы ауылдың халқымен дидарласқан аудан әкімі ауданда шешімін тапқан жұмыстарды әңгімелеп, алдағы шаруаларды да ұмыт қалдырмады.

Ауылда бой көтерген спорт кешеніне, асфальтталған көшелерге, басқа да қолға алынып

жатқан жұмыстар үшін алғысын айтқан тұрғындар округ аумағындағы каналды тазалап бірнеше көшеге түнгі жарықшам қажет екенін жасырмады. Сонымен қатар, өзге де мәселелерді ортаға салды.

Аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет тиісті заңдылықтарға сәйкес тұрғындар тарапынан қойылған сауалдардың барлығына жауап беріп, бұл бойынша

жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар берді.

Аудан басшысы «Ақжона» ауылдық округіне сапары барысында ауылда салынып жатқан 100 орындық ауылдық клуб құрылысын көріп, мердігер мекеменің құрылысқа жауапты қызметкеріне ең алдымен құрылыс жұмыстарының сапасына мән беріп, жұмысты жеделдетуді тапсырды.

ЖАНҚОЖА БАТЫР, АҚТАН БАТЫР ЖӘНЕ БЕКАРЫСТАН БИ АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Ақтан батыр, Жанқожа батыр және Бекарыстан би ауылдарының халқымен кездесіп, ондағы әлеуметтік нысандардың қысқы жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын қадағалады.

Ең әуелі Ақтан батыр ауылына ат басын бұрған аудан басшысы жыл соңына дейін ауданға жақын орналасқан ауылдардың бірі болып саналатын бұл округ

тұрғындары көгілдір отынның қуанышына кенелетінін жеткізді. Сонымен қатар, жыл басынан бергі ел ішінде атқарылған жұмыстардан хабар беріп, алдағы жоспарлармен де бөлісті.

Ауылдық клубта өткен кездесу тұрғындардың ұсыныс-пікіріне ұласып, бірқатар мәселелер көтерілді. Аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет барлық айтылған түйткілдер назарда екенін жеткізіп, шешілу жолында тиісті жұмыстар

жүретінін айтты.

Кезекті кездесуі «Арықбалық» және «Майдакөл» ауылдық округтерінде жалғасын тапты. Жылында аудан басшысы ауданда атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

– Өздеріңізге белгілі, алдымызда ауқымды шаруалар күтіп тұр. Соның бірі – Жанқожа батыр бабамыздың 250 жылдық мерейтойы. Бұған қатысты жоспарларымыз аз емес. Оның үстіне қазір баба атындағы округте

ауқымды жұмыс жүріп жатыр. Ол – «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынып жатқан 300 орындық мектеп құрылысы. Қазіргі таңда өздеріңіз күнделікті көріп отырсыздар мектеп құрылысы қарқынды жүргізілуде. Мұнымен қоса Баба тойының қарсаңында Жанқожа батыр ауылына кіреберістегі жолға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілмек, - деді аудан әкімі.

Қос ауылдың тұрғындарымен

өткен кездесулерде тұрғындар тарапынан жұмысқа орналасу, жол жөндеу, электр желілерін жаңарту, жер мәселесі, ауыл маңынан скважина қазу сынды мәселелер көтерілді.

Аудан әкімі қойылған сауалдарға жеке-жеке тоқталып, жауапты сала басшыларына тиісті тапсырмалар берді. Тұрғындармен өткен кездесулерде аудан басшысы жеке мәселелері бойынша жүгінген тұрғындарда қабылдап, көтерген

мәселелері бойынша заңдылыққа сәйкес жұмыс істелетінін жеткізді.

Айта кетейік, аудан басшысы әлеуметтік нысандарды аралау барысында Жанқожа батыр ауылындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынып жатқан 300 орындық мектеп пен Бекарыстан би ауылындағы спорт кешенінің құрылысын көрді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНДЕГІ ӘБІЛХАЙЫР ХАН КӨШЕСІ АСФАЛЬТТАЛУДА



Биыл аудан орталығы - Әйтеке би кентіндегі асфальтталатын көшелердің қатарында – Әбілхайыр хан көшесі де бар. Қазіргі таңда аталған көшеде асфальт төсеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Аудан орталығындағы ұзындығы 1,9 шақырымды құрайтын көшеге жүргізіліп

жатқан күрделі жөндеу жұмыстарын аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет арнайы барып көріп, мердігер мекеменің жұмысын бақылады.

Жауапты орынбасары Жалғас Сүйеубаев пен мердігер мекеме «Қазалы-Жолшы» ЖШС-нің жауапты өкілі Ерлан Серікке

жол құрылысының ең әуелі сапасына басымдық бере отырып, тез арада аяқтауды тапсырды. Сондай-ақ алдағы уақытта жол құрылысы тікелей өзінің қадағалауында болатынын жеткізді.

Айта кетейік, бұдан бөлек биыл Әйтеке би кентінде «Ауыл–ел бесігі»

бағдарламасы аясында Жанқожа батыр және Әйтеке би көшесін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатса, Бегім ана, Сырым батыр көшелеріне күрделі жөндеу және С. Сейфуллин көшесін орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Одан бөлек,

«Қазалы - Жолшы» ЖШС тарапынан Әйтеке би кентінің 6 көшесі - Жанқожа 3 км, М.Өтемісұлы тұйығы, Ұялы, Ақан Сері, 2 квартал, Қасым Аманжолов көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

"ҚТЖ" АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ Н.САУРАНБАЕВ СЫР Өңіріне жұмыс сапарымен келді

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келген "Қазақстан Темір Жолы" ҰК" АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевпен бірге жаңғыртылған теміржол вокзалының жұмысымен танысты.

Өткен жылы "ҚТЖ" компаниясының және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 577 млн. теңгеге вокзалдың 1905 және 1969 жылдары салынған екі ғимараты жаңғыртылды. Қасбеті қапталып, кіреберістері ауыстырылды және шатыры жөнделді. Сумен, электрмен жабдықтау, жылыту және өрт дабылы жүйелеріне жөндеу жүргізілді. Ішкі бөлмелер әрленіп, есік-терезелер қалпына келтірілді, плитка төселді. Перрон мен жолаушылар платформасына асфальт төселіп, баспалдақтар мен пандустар монтажданды. Вокзал маңы және ғимарат іші жарықтандырылды.

Қызылорда вокзалы арқылы 28 пойыз өтеді. Жолаушылар ағыны тәулігіне шамамен 3900 адамды құрайды.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

Сатушының тауар туралы толық және дұрыс ақпарат беруі туралы

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңның 25-бабына сәйкес сатушы тұтынушыға тауарлар, оның ішінде тауардың мақсаты туралы және тиімді әрі қауіпсіз қолданылу жағдайлары туралы мәліметтерді, сондай-ақ ҚР-ның заңдарына сәйкес тұтынушыға ұсынылуы міндетті болып табылатын не тұтынушы мен сатушы (дайындаушы, орындаушы) арасында жасалған шартта көзделген өзге де мәліметтерді ұсынуға міндетті. Сатушы тауар туралы тиісті ақпаратты дайындаушыдан алмаған жағдайда да жауапкершіліктен босатылмайды. Бұл ретте көрсетілген Заңның 27-бабының 2-тармағына сәйкес сатушы (дайындаушы, орындаушы) тұтынушыға ықтимал тәуекел туралы және тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) қауіпсіз пайдаланудың

шарттары туралы хабарлауға міндетті. Бұл ретте, егер тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) қауіпсіз пайдалану, оны сақтау, тасымалдау немесе кәдеге жарату үшін арнаулы ережелерді сақтау қажет болса, онда дайындаушы (орындаушы) оларды тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) қоса берілген құжаттамада, тұтыну ыдысында, жапсырмаларда немесе тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жекелеген түрлері үшін қабылданған өзге де тәсілмен көрсетуге міндетті. Осылайша, сатушы, Сізге тауар туралы толық және дұрыс ақпарат, атап айтқанда материалдың ерекшеліктері туралы ақпарат беруі тиіс.

Көрсетілген Заңның 31-бабының негізінде, Сізге залал келсе өтете аласыз. Онда сатушы тауар (жұмыс,

көрсетілетін қызмет) туралы толық емес, дұрыс емес немесе уақтылы берілмеген ақпарат салдарынан тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды толық көлемде өтеуге міндетті, сондай-ақ талап берілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде тұтынушыға зиянды өтеу туралы жауап беруге не тұтынушының талаптарын қанағаттандыру үшін тиісті шаралар қолдануға тиіс деп жазылған. Осы нормаға сүйене отырып, Сізге шағыммен сатушыға, ол бас тартқан жағдайда тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға немесе тұтынушылық дауды сотқа дейінгі реттеу субъектісіне, сондай-ақ сотқа жүгінуге құқылысыз.

Обязанности продавца по предоставлению полной и достоверной информации о товаре

В соответствии со статьей 25 Закона РК «О защите прав потребителей», продавец обязан предоставлять потребителю информацию о товарах, в том числе сведения о назначении и об условиях эффективного и безопасного применения товара, а также иные сведения, которые в соответствии с законами Республики Казахстан являются обязательными для представления потребителю либо предусмотрены договором, заключенным между потребителем и продавцом (изготовителем, исполнителем).

Продавец не освобождается от ответственности в случае неполучения им от изготовителя соответствующей информации о товаре. При этом, согласно пункту 2 статьи 27 указанного закона, продавец (изготовитель, исполнитель) обязан информировать потребителя о возможном риске и об

условиях безопасного использования товара (работы, услуги). При этом, если для безопасного использования товара (работы, услуги), его хранения, транспортировки или утилизации необходимо соблюдать специальные правила, то изготовитель (исполнитель) обязан указать их в документации, прилагаемой к товару (работе, услуге), на потребительской таре, этикетках или иным способом, принятым для отдельных видов товаров (работ, услуг).

Таким образом, продавец обязан предоставить полную и достоверную информацию о товаре, а именно информацию о свойствах материала. Если вам принесен ущерб то возместить ущерб вы можете на основании статьи 31 указанного закона, продавец (изготовитель, исполнитель) обязан в полном объеме возместить

вред, причиненный жизни, здоровью и (или) имуществу потребителя вследствие конструктивных, рецептурных или иных недостатков товара (работы, услуги) либо вследствие неполной, недостоверной или несвоевременной информации о товаре (работе, услуге), также в течение десяти календарных дней со дня подачи требования должен дать ответ потребителю о возмещении вреда либо принять соответствующие меры для удовлетворения требований потребителя.

Исходя из данной нормы, Вам необходимо будет обратиться с претензией продавцу по возмещению ущерба, в случае отказа с письменным заявлением в государственные органы, осуществляющие функции в сфере защиты прав потребителей, или к субъекту досудебного урегулирования потребительского спора, а также в суд.

БАБАҒА ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА МІНДЕТ

Ардақты ағайын!
Қадірлі жерлестер!
Халық – мемлекеттің негізі десек, сол халықтың азаттығы үшін басын бәйгеге тігіп, қиын шақта қол бастап еліне қорған болған ерлердің есімі – тарих үшін де, ұлт үшін де әрқашан ардақты!

Қазақ халқы ғасырлар бойғы арманына қол жеткізіп, тәуелсіздіктің көк байрағын көкке көтеріп, бейбіт ғұмыр кешіп отырған тұста туған елінің азаттығы үшін қан төккен батыр бабалардың рухтарын ұлықтау, олардың ерлігін кеңінен насихаттау ұрпақтарының перзенттік борышы десек, қазалылықтар бұл үдеден үнемі шығып келеміз.

Еліміз бен жерімізде батырлығымен, ерлік істерімен, елі үшін сол бір тар кезеңде жол тапқан, тарыққанда ақыл тапқан, қазақтың туын жықпаған ұлы тұлғаларымыздың өнегелі өмірлері мен ерлік істерін халықпен бірге ұлықтаудамыз. Осындай асылдарымыздың ішінде халқы пір тұтқан әулие әрі батыр Жанқожа Нұрмұхаммедұлының шоқтығы биік.

Ел басына күн туған кездерде, батырлық пен батылдықты, ерлік пен өрлікті, қайсарлық пен қаталдықты қатар ұстап, туған жерінің азаттығын аңсаған, Хиуа мен Қоқан хандықтарына, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қас қақпай қаруын сілтеген, жетпіс жыл бойы аттан түспей, ел бостандығы үшін күрескен батыр Жанқожа Нұрмұхаммедұлының туғанына биыл 250 жыл толып отыр!

Өздеріңіз куәсіздер, өткен жылы ауданымыздың 95 жылдық мерейтойын кең көлемде ел болып тойладық. Жыл басынан бері батыр бабамыздың мерейтойын атап өтуге байланысты халық тарапынан бастама көтеріліп, аудандық комиссия өз жұмысын бастаған болатын. Қазіргі таңда дайындық

жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Біздің міндет Баба мерейтойын жоғары деңгейде өткізу. Бұл елдігімізге сын – халықтық іс. Себебі, Баба – баршамызға ортақ.

Бабамыз өз заманында батырлығымен, әділ билігімен бір рудың ғана емес, күллі қазақтың атағын арттырған батыр. Ол өз дәуірі артқан ұлы жүкті қайыспай көтеріп, ел мен халық алдындағы парызын адал атқарып кеткен перзенттер санатында.

Білесіздер, бұған дейін де ел мен жерін жаудан қорғаған, озбыр да өктем жауға қарсы азаттықтың туын көтеріп, өмірінің ақырғы күндеріне дейін аттан түспеген батырдың ерлік істерін насихаттап, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыру мақсатында көптеген игі істер атқарылған еді.

1992 жылы Қазалы ауданындағы «Арықбалық» ауылдық округінің орталығына және аудан орталығындағы орта мектепке халық батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлының есімі берілді. Осы жылы халық күшімен бабамыздың ескерткіш-кесенесі салынып, ол бүгінде көпшілік дұға ететін киелі орынға айналған.

2017 жылы Қызылқұм беткейіндегі шекара заставасына дарабоз батыр бабамыздың есімі беріліп, аудан орталығындағы басты көшелердің бірі батыр баба атымен аталды.

2014 жылы 240 жылдық мерекесі кең көлемде тойланып, Қызылордада еңселі ескерткіші бой көтерді. Осы жылы аудан орталығында баба атындағы мешіт ел игілігіне беріліп, ол бүгінде қасиетті орынға айналып отыр.

«Елу жылда ел жаңа» деген халық даналығы. Ел-халықтың бастамасымен қолға алынған биылғы мерейтой да тарихи тұлғаның есімін халық жадында қайта жаңғыртып, өскелең ұрпақ санасына тағылымын

сіңіруге қызмет ететіні ақиқат.

Жанқожа батырдың арғы әкесі Киікбай Әбілхайыр ханның тұсында әрі батыр, әрі би, өткір тілді адам болған. Әкесі Нұрмұхаммед те сол кездің өзінде Кішкене Шектіде беделді болған. Бұл 17 жасында көзсіз батыр, көзі тірісінде әулие атанған, ғұмырында батылдық қасиетті бойына дарытып, әділдікті ту еткен қарапайым батыр тұлғасының биіктігін көрсетсе керек. Сондықтан Жанқожа батырдың ерлігі мен өрлігін тану бүгінгі ұрпаққа сын болмақ.

Жанқожа Бабаның Сыр бойының қазақтарын қорғап, Қоқан, Хиуа хандықтары мен Ресей басқыншылармен отыз жылдай өз бетінше соғыс салғаны тарих беттерінде өшпестей жазылды. Сыр бойына бекініс орнатып, емін-еркін жайғасқан Бабажан сарттың жергілікті халықты басып-жаншыған алым-салықты үсті-үстіне көбейтіп, бермегендерін сабап, кейде өлтіріп, қыз-келіншектерді зорлауы, осылайша жергілікті халықты басып-жаншыған зұлымдығы мен айуандығы Жанқожаны елінің бостандығы, еркіндігі жолында атқа қондырды. Бұл оның сол кезеңдегі ауыл мен ауылды шаңдатып, малына бөрідей тиюді кәсіпке айналдырған барымташыдай, болмаса өзінен күштінің сой-ылын соғып, айтқанына көніп, айдауында жүрген сатқын сұлтандардай емес, әр кезде халықтың жағында екендігін танытады.

Сондықтан да Жанқожа батыр есімі елдің жүрегінде ерекше орын алады. Бұған «Бабаға құрмет – ұрпаққа міндет» деп білетін кез-келген қазалылықтың атқарылатын игі шараларға өздері сұранып атсалысуы дәлел болады деп ойлаймын. Мерейтойды өткізудегі мақсатымыз – ас ішіп, аяқ босату емес, елдігімізді көрсету.

Биылғы жылы қолға алынған іс-шаралардың да

өзінің деңгейінде жоғары өткізілетіне күмән жоқ. Бұлай дейтінім, елдің Баба тойын өткізуге көзқарасы түзу, ықылас-ынтасы зор. «Жанқожа батыр» атындағы қоғамдық қор төрағасының көмекшісі ретінде әрі ұйымдастыру комиссиясы құрамында болғандықтан күнделікті бұған көз жеткізіп келемін.

Ардақты ағайын!

Даңқы алты Алашқа мәлім, есімі ғасырдан-ғасырға жалғасып, бүгінгі буынның ұранына айналған, ерлігі аңыз саңлақ сардардың 250 жылдығын келесі айда республикалық дәрежеде тойламақпыз.

Мерейтой 2024 жылдың 19-20 қазан күндері өтеді. Шаралар алдымен Жанқожа батырдың кесенесіне тағзым етіп, Батыр Баба құрметіне тұрғызылған ескерткіштің салтанатты түрде ашылуынан бастау алады. Батырдың құрметіне Құран бағышталып, ас беріледі.

Одан кейін «Ұлт азаттығы қозғалысы және Жанқожа батыр» атты ғылыми-танымдық конференция, «Халқына қорған болған Батыр Баба» атты республикалық ақындар айтысы, қазақ күресінен республикалық турнир ұйымдастырылады.

Кешке «Алтын күз-2024» мерекесіне арналған салтанатты шарасы эстрада жұлдыздарының қатысуымен өтетін мерекелік Гала-концертке ұласады. Келесі күні ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесінен соң республикалық аламан бәйге (Аламан, Тоқ, Құнан, Тай) өткізіледі.

Баба мерейтойы аясында жасалатын негізгі шаралар осылар. Ендігі жұмыс тойды жоғары деңгейде өткізу. Бұл елдігімізге сын – халықтық іс. Сіздермен бірлесе отырып, мерейтойды жоғары деңгейде өткереміз деген сенімдемін.

Баба тойын өткізу кезінде концерт қойып, көрініс

көрсеткеннен бөлек ас беріп, ат шаптыруымыз қажет. Бұған бюджеттен қаржы қаралмайды. Заң көтеретін жерге дейін тиісті қаржы бөлінді. Қалған жұмыстың барлығын ел-халық өздері ақылдасып өткізуі керек. Яғни, көпшіліктің қолдауы қажет. Жоспарланған жұмыстар басталғалы аудан халқы, жерлестер мен Бабаны қасиет тұтқан әр азамат өз қаржыларын беріп, үлес қосуда. Бұл – қазалылықтардың ынтымағы мен бірлігінің, елдігінің айғағы деп білеміз.

Құрметті жерлестер!

Халқы пір тұтқан әуақты әулие әрі батыр Бабамыздың мерейлі тойынан қалыс қалмаңыздар! Сіздерді игі шаралардың куәсі болуға шақырамыз! Келіңіздер, көріңіздер, тамашадан құр қалмаңыздар!

Халқымызды қасиетті қазақ жерінің киесі демеп, Баба аруағы жебеп жүрсін! Батыр Бабамыздың 250 жылдық мерейтойы баршаңызға құтты болсын!

(мерейтойлық мәдени-көпшілік шаралардың бағдарламасы мен «Жанқожа батыр» атындағы қор реквизиттері қоса беріледі)
«Жанқожа батыр» қоғамдық қоры

Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Сәтбаев көшесі, №64 үй

Пошта индексі: 120 400

Басқарушы: Ділімбетов

Күнберген Елдесбаевич

Телефон: 8777 241 36 62

Реквизит:

ОФ «Жанқожа батыр»

ИИК: KZ42 6017 2010

0000 3153

КБЕ: 18

БСН: 090 740 014 437

БИ: HSBKKZKX

Түктібай Өмірзақ
Алтынбайұлы,
Қазақстанның Құрметті
құрылысшысы, Қазалы
ауданының Құрметті
азаматы

ХАЛЫҚ БАТЫРЫ ЖАНҚОЖА НҰРМҰХАММЕДҰЛЫНЫҢ 250 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ШАРАНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Уақыты	Шара атауы	Өткізілетін орны
19 қазан, 2024 жыл, сенбі		
сағ. 09.30 – 09.55	Жанқожа батыр кесенесіне тағзым ету	Жанқожа батыр кесенесі
сағ. 10.00 – 10.45	Жанқожа батыр ескерткіші алдындағы «Елі үшін туған ер Жанқожа» атты театрландырылған қойылым	Жанқожа батыр кесенесі
сағ. 10.00 – 13.00	Қазақ күресінен республикалық турнир	«Әмір арена» спорт кешені
сағ. 11.00 – 13.00	«Ұлт азаттығы қозғалысы және Жанқожа батыр» атты ғылыми-танымдық конференция	Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығы
сағ. 13.00 – 15.00	Жанқожа баба рухына арналған ас	Жанқожа батыр көшесіне тігілген киіз үйлер және «Алтын сарай» мейрамханасы
сағ. 15.00 – 18.00	«Халқына қорған болған батыр баба» атты республикалық ақындар айтысы	Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығы
сағ. 19.00 – 21.00	«Алтын күз-2024» мерекесіне арналған салтанатты шара, Эстрада жұлдыздарының қатысуымен мерекелік Гала-концерт	Орталық стадион
20 қазан, 2024 жыл, жексенбі		
сағ. 09.00 – 11.00	Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі	Қ.Пірімов көшесінің бойы
сағ. 10.00 – 14.00	Республикалық ат бәйгесі/Аламан, Тоқ, Құнан, Тай/	«Әбдіраман» төбе

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ»

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылдың 15 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

Аталған Заңнамалық актілердің басты мақсаты – әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл өзгерістер мен толықтырулар қоғамдағы зорлық-зомбылықты азайтуға, әйелдермен мен балалардың өмір сапасын жақсартуға және олардың құқықтарын бұзуға жол бермеуге бағытталған.

Неке және отбасы, әке болу, ана мен бала институтын нығайтуға негізделген неке және отбасы заңнамасының жаңа қағидаттары, сондай-ақ жалпы адамзаттық, ұлттық, дәстүрлі, мәдени, отбасылық құндылықтарды құрметтеу негізінде балалардың адамгершілік, рухани тәрбиесін қамтамасыз ету қағидаты қарастырылған.

Енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 1-бабы 29-1) тармақшасымен толықтырылып,

алғаш рет заңнамада отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі «111» байланыс орталығы жұмысының құқықтық негіздері белгіленді.

«111» байланыс орталығы отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ақпараттық-анықтамалық консультация береді, ұйымдастырушылық, психологиялық көмек көрсетеді, орталық мемлекеттік органдарды, жергілікті атқарушы органдарды келіп түскен жолданымдар бойынша хабардар етеді және азаматтарға жолданымдардың орындалу мәртебесі туралы ақпарат береді.

Сондай-ақ, аталған Кодекстің 1-тарауы 5-1-баппен толықтырылды.

Онда, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету үшін отбасын қолдау орталықтарын құру және олардың қызметі заңнамалық тұрғыдан бекітілді. Соған сәйкес, аудандық отбасын қолдау орталығы жұмыс істеуде.

Орталық тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар адамдарға бір айға дейін тұруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 108-1, 109-1 баптармен толықтырылды. Яғни, денсаулыққа қасақана

жеңіл зиян келтіру, ұрып-соғуға бұған дейін әкімшілік жаза қарастырылған болса, енді қылмыстық жауапкершілікке тартылатын болады.

Сондай-ақ, денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа және ауыр зиян келтіруге қатысты жауапкершілік қатаңдатылды.

Бұдан бөлек, өзін-өзі өлтіруге итермелегені және ықпал еткені, сондай-ақ өзін-өзі өлтіруді насихаттағаны, 16 жасқа толмаған адамдарға сексуалдық сипатта тиіскені үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Кәмелетке толмағандарды ұрлағаны және заңсыз бас бостандығынан айырғаны үшін жаза айтарлықтай қатаңдатылды.

Кәмелетке толмағандарды жәбірлегені (буллинг, кибербуллинг) үшін алғаш рет әкімшілік жауапкершілік енгізілді.

Кибербуллинг дегеніміз – біреуді цифрлық технологиялардың көмегімен қудалау, яғни әлеуметтік желілерде біреу туралы жалған ақпарат тарату немесе біреудің келісімінсіз фотосуреттерін орналастыру, хабар алмасу платформалары арқылы тілтигізетін хабарламалар жіберіп, бопсалау, өзін басқа адам ретінде таныстырып, оның атынан келіссіз хабарламалар жіберу болып табылады.

Буллинг, кибербуллинг

жасағаны үшін ескерту жасалады не 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады, ал егер буллинг не кибербуллингті 12 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған бала жасаса олардың ата-анасына не оларды алмастыратын адамдар әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

"Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 22-бабы мынадай 4-тармақпен толықтырылып, онда 16 жасқа дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында он алты жасқа толмаған, ата-анасы және (немесе) өзінің заңды өкілі ертіп жүрмеген адамды қоғамдық көліктен мәжбүрлеп түсіріп кетуге тыйым салынды.

Сонымен қатар, "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 12-1-бабымен, білім беру ұйымдары кәмелетке толмағандар жасаған немесе оларға қатысты жасалған заңға қайшы әрекеттер туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға міндеттелді.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ!

Азаматтық қоғамға мемлекет тарапынан қолдау көрсету, мемлекет өміріндегі аса маңызды мәселелерді шешу үшін талқылауға азаматтық қоғамның әлеуеті мен мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үшін мемлекет басшысының ұсынысымен ротациялық тәртіппен жұмыс істейтін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылғанын ел өміріндегі оң өзгеріс деп бағалау керек.

Қазақстанда азаматтық қоғамды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы мен «Тыңдайтын мемлекет» қағидасы аясында саяси реформалар топтамасы жария етілді. Қоғамдық-саяси жаңғырудың әлеуметтік платформасына айналған аталған кеңес жұмысының нәтижесін де қоғамды ашық демократиялы ұстанымдарға әкелетін, азаматтық қоғамды нығайтуға тың серпін беретін біраз жаңашыл бастамалар орындалды. Тұңғыш рет ауыл әкімдерін сайлау саяси жүйесі өмірге енді.

Халық пен билік арасын жақындататын реформалар-

ды халық та жылы қабылдады. Қоғамдық кеңестердің жұмысын жетілдіру мақсатында «Қоғамдық кеңестер қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Аталған өзгерістер нәтижесінде Қоғамдық кеңестер мен олардың мүшелерінің өкілеттігі кеңейтіліп, бақылау функциялары күшейтілді. Сөйтіп, қоғам мен мемлекет арасында байланыс пен ашық диалогқа жарқын жол ашылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бірімізге ортақ міндет», – деп атап көрсетуінің өзі билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы

геосаяси жағдайға бейімделген үйлесімді һәм мінсіз мемлекет құруды мақсат ететінін көрсетеді.

Президентіміздің елдің мұң-мұқтажын тыңдайтын мемлекет қалыптастыруға бағытталған іс-шараларын бүкіл қоғам болып қолдап отыр. Жаңа Әділетті Қазақстанды құру, ескінің сарқыншақтарынан арылу үшін қоғам пікірімен санасу, халық үніне құлақ асу, олардың заңды талаптарын дер кезінде, сөз бұйдалыққа салмай орындау керек. Құзырлылар «Халық үніне құлақ асатын мемлекетте» заман талабына сәйкес халық үнін, талабы мен қалауын дер кезінде тыңдап, дұрыс шешімдер қабылдайтын болса қоғамды демократияландыруға жол ашылады.

Билік пен бұқара арасындағы өзара қарым-қатынас қашан да өзекті. Соның бір айғағы F. Мұратбаев ауылдық округі бойынша 2023

жылы жеке қабылдауда болған тұрғындар саны 42 азамат болса, оның 29 – на түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қалған 13-нің өтініші қанағаттандырылды. 2024 жылы 37 азамат жеке қабылдауда болып, оның 25 – не түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, 12-сінің өтініші қанағаттандырылды.

Сонымен қатар, жыл көлемінде қоғамдастық мүшелерінің қатысуымен 12 рет жиын өткізіліп ауылдық округке қатысты мәселелер өз шешімін тапты.

Жалпы айтқанда, жоспарлы жұмыстар көп. Қоғам мен билік арасын жалғаушы құрылым ретінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» Концепциясын жүзеге асыруға мүдделіміз. Осы мақсатқа жету жолында нақты іс-шаралар атқаруды жалғастыра береміз.

**Абай РЫСТЫҒҰЛ,
F. Мұратбаев ауылдық округінің әкімі**

ГАЗЕТІМІЗДІҢ КЕЛЕСІ САНЫ 25 ҚЫРКҮЙЕК, СӘРСЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ

**Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.**

**ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.